

"Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласында мемлекеттік монополияға жатқызылған, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2024 жылғы 9 сәуірдегі № 212/НҚ бұйрығы

"Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 185) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласында мемлекеттік монополияға жатқызылған, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсына орналастырылуын;

2) осы бұйрық көшірмесінің Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оны алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі

Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігі

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрінің
2024 жылғы 9 сәуірдегі
№ 212/НҚ бұйрығына
қосымша

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласында мемлекеттік монополияға жатқызылған, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары

1. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу

№	Тауарлардың жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) атауы	Өлшем бірлігі	Бағасы ҚҚС-сыз, теңгемен	
			фронт-кеңселер арқылы	БНАЖ www.egov.kz арқылы
1.	Меншік, шаруашылық жүргізу, жедел басқару, сенімгерлік басқару, кепіл, рента, пайдалану құқықтарының (сервитуттардан басқа) пайда болуын тіркеу:			
1)	пәтерге, жеке тұрғын үйге (шаруашылық құрылыстары және басқа да осындай объектілері бар), шаруашылық құрылыстарға			
	жеке тұлғалар үшін	1 тіркеу	1 292,64	1 304,01
	занды тұлғалар үшін	1 тіркеу	1 558,03	1 594,05
2)	көп пәтерлі тұрғын үйге (шаруашылық құрылыстары және басқа да осыған ұқсас объектілері бар), тұрғын үйдегі тұрғын емес үй-жайға, тұрғын емес құрылысқа			
	жеке тұлғалар үшін	1 тіркеу	12 518,61	12 653,20
	занды тұлғалар үшін	1 тіркеу	15 589,54	15 754,46
3)	гараждарға			
	жеке тұлғалар үшін	1 тіркеу	1 281,27	1 290,75
	занды тұлғалар үшін	1 тіркеу	1 533,39	1 567,51

4)	Төмендегілер қамтылатын тұрғын емес мақсаттағы мүліктік кешендерге (ғимараттар, құрылыстар):			
-	бір объекіден			
	жеке тұлғалар үшін	1 тіркеу	8 731,12	8 892,25
	занды тұлғалар үшін	1 тіркеу	10 799,27	10 960,40
-	екіден беске дейінгі жеке тұрған объектілерді			
	жеке тұлғалар үшін	1 тіркеу	18 603,61	18 764,74
	занды тұлғалар үшін	1 тіркеу	21 998,70	22 207,22
-	алтыдан онға дейінгі жеке тұрған объектілерді			
	жеке тұлғалар үшін	1 тіркеу	32 582,04	32 758,34
	занды тұлғалар үшін	1 тіркеу	37 874,66	38 104,04
-	оннан көп жеке тұрған объектілерді қамтитын тұрғын емес мақсаттағы мүліктік кешендерге (ғимараттар, құрылыстар, құрылысжайлар) меншік, шаруашылық жүргізу, жедел басқару, сенімгерлік басқару, кепіл, рента, пайдалану (сервитуттардан басқа) құқықтарының туындауын тіркеу			
	жеке тұлғалар үшін	1 тіркеу	41 002,47	41 193,93
	занды тұлғалар үшін	1 тіркеу	48 291,20	48 547,11
2.	Жер учаскесіне меншік, жер пайдалану құқығын, өзге де құқықтарды (құқық ауыртпалықтарын) тіркеу			
	жеке тұлғалар үшін	1 тіркеу	1 127,72	1 123,93
	занды тұлғалар үшін	1 тіркеу	1 347,61	1 364,68
3.	Сервитутты (объектілерге қарамастан) тіркеу	1 тіркеу	1 719,16	1 772,24

4.	Кондоминиум объектісін тіркеу	1 тіркеу	767,55	2 998,72
5.	Жылжымайтын мүлік объектісінің сәйкестендіру сипаттамаларының өзгеруін тіркеу			
	жеке тұлғалар үшін	1 тіркеу	1 226,29	1 231,98
	заңды тұлғалар үшін	1 тіркеу	1 438,61	1 465,14
6.	Жылжымайтын мүліктің жойылуына (бүлінуіне) немесе оған құқықтан бас тартуға байланысты және құқығының ауысуымен байланысты емес өзге де жағдайларда жылжымайтын мүлікке құқықты тоқтатуды тіркеу			
	жеке тұлғалар үшін	1 тіркеу	1 182,69	1 182,69
	заңды тұлғалар үшін	1 тіркеу	1 338,14	1 353,30
7.	Құқықтың үшінші тұлғаға ауысуына байланысты емес ауыртпалықты тоқтатуды тіркегені үшін, оның ішінде жылжымайтын мүліктің ипотекасын тоқтатуды тіркеу			
	жеке тұлғалар үшін	1 тіркеу	1 213,02	1 214,92
	заңды тұлғалар үшін	1 тіркеу	1 410,17	1 431,02
8.	Міндеттемелері ипотекамен қамтамасыз етілген банктік займ шарты бойынша талаптар құқығын басқаға беруді тіркеу			
	жеке тұлғалар үшін	1 тіркеу	1 175,11	1 175,11
	заңды тұлғалар үшін	1 тіркеу	1 410,17	1 431,02
9.	Құқықтың туындауына (құқық ауыртпалығына) негізі болып табылатын шарт талабының немесе өзге де заңдық фактілердің өзгеруі нәтижесінде құқықтың өзгеруін немесе құқықтың ауыртпалығын тіркеу			
	жеке тұлғалар үшін	1 тіркеу	1 182,69	1 182,69
	заңды тұлғалар үшін	1 тіркеу	1 415,86	1 440,50
10.	Жылжымайтын мүлікке өзге де құқықтарды, сондай-ақ жылжымайтын мүлікке құқық ауыртпалықтарын тіркеу			
	жеке тұлғалар үшін	1 тіркеу	1 222,50	1 226,29
	заңды тұлғалар үшін	1 тіркеу	1 486,00	1 516,33
11.	Заңдық талаптарды тіркеу	1 тіркеу	1 796,88	1 855,65
12.	Жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын беру	1 телнұсқа	1 169,42	1 106,87
13.	Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен мемлекеттік органдар салатын (өндіретін) жылжымайтын мүлікке құқық ауыртпалығын тіркеу	1 тіркеу	0,00	0,00

14.	Республикалық меншікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган мен оның аумақтық органдары үшін мемлекеттік меншікке жатқызылған жылжымайтын мүлікке құқықты тіркеу	1 тіркеу	0,00	0,00
15.	Жылжымайтын мүлікке бұрын туындаған құқықтарды (құқықтар ауыртпалықтарын) жүйелі тіркеу	1 тіркеу	0,00	0,00
16.	Мемлекеттік органдардың шешімдері негізінде , оның ішінде елді мекендердің атауы, көшелердің аттары, сондай-ақ ғимараттар мен құрылыстардың реттік нөмірлері (мекенжайлары) өзгерген кезде немесе Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымын реформалауға байланысты кадастрлық нөмірлері өзгерген к е з д е жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру сипаттамаларының өзгерістерін тіркеу	1 тіркеу	0,00	0,00

2. Жеделдетілген тәртіппен жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласында қызметтер көрсету кезінде келесі коэффициенттер қолданылады:
фронт-кеңселер арқылы - 3 (үш) коэффициенті;
БНАЖ, www.egov.kz арқылы - 4 (төрт) коэффициенті.

3. Бағалардың базалықтан ағымдағы деңгейге ауысуы жыл сайын бюджеттік заңнамамен белгіленетін айлық есептік көрсеткіштің (Кп) өзгеру коэффициенті арқылы төмендегі формулаға сәйкес жүзеге асырылады:

$K_p = \text{ағымдағы жылғы АЕК} : \text{базалық жылғы АЕК}$.

Ескертпе:

ҚҚС – қосылған құн салығы;

АЕК – айлық есептік көрсеткіш.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК